**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек+» жеке бөбекжайы**

«Нұр» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тақырып: «Менің балабақшам»
Жоспардың құрылу кезеңі: 07.09.2023 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Балабақшаға деген сүйіспеншілігін дамыту, өзінің балабақша ұжымының мүшесі екенін санасына сіңіру, достық қарым - қатынас сезімдеріне тәрбиелеу. Амандасу<br>Балабақша туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>-Сәлеметсізбе!<br>-Сәлем<br>-Сауболыңыз! сөздерін меңгерту.<br>*Тілдік дамытушы орта:* балабақшада сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға үйрету.<br>«Шаттық шеңбері». Балалар тәрбиешілермен бірге Е. Өтетілеуұлының «Бала, бала, баламыз»өлеңін бірігіп айтып, өлең мазмұнына сәйкес қимыл – қозғалыс жасайды.<br>Мұғалім: Керемет! Ал сендер үйде, балабақшада осындай ізгі сөздерді қолданасыңдар ма? Ертеңгісін адамдармен қалай амандасамыз?<br>Қане бәріміз бірге қайталайықшы.-«Қайырлы таң!».<br>Тағы қандай әдепті сөз қолданамыз?-«Сәлеметсіз бе!».<br>Күндіз кездескен адамдарға не деп айтуымыз керек?-«Қайырлы күн!».<br>Ал, кешке ше?-«Сау болыңыз!»<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:*«Ә» дыбысын дұрыс айтуға баулу. «Ә» дыбысын буында,сөзде машықтандыру<br>*Сөздік қор:*сөздік қорын дамыту бойынша өлең жаттауға баулу<br>Мұғалім балалармен бірге Е. Өтетілеуұлының өлеңін айтады<br>«Ізгі сөздер»<br>Бақшамызға барғанда,<br>Жолыққан бар жандарға,<br>«Қайырлы таң!»- деймін мен.<br>Күндіз де елді елеймін:<br>«Қайырлы күн!»- тілеймін.<br>Үйге кешке келемін,<br>Не дерімді білемін:<br>«Кеш жарық!»- деп кіремін.<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:*Жуан және жіңішке түбір сөзді ажыратуға үйрету<br>Балабақша сөзін талдап үйрету.<br>*Байланыстырып сөйлеу:*ауыз екі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту |

| | |
|---|---|
| | Шығармашылық жұмыс<br>Мұғалім ұжымдық жұмыс арқылы балаларға балабақша қызметкерлерінің еңбегімен таныстырып, оларды бағалауға, құрметтеуге үйрету мақсатында «өз үйім – менің бірінші үйім, балабақша – екінші үйім»деген тақырыпта әңгіме жүргізеді.<br>Күтілетін нәтиже:Балабақша тақырыбын меңгереді.Нұсқауларды дұрыс орындайды. «Ә» дыбысын біледі. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | «Білім күні» туралы әңгімелеу |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Мақал-мәтел жаттатау: Дана, Айлана<br>Ата –бәйтерек,<br>Бала – жапырақ.<br><br>Ананың сүті – бал,<br>Баланың тілі – бал. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | Жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорларын байыту. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Мұғалімнің жеке жұмыстануы (алдыңғы аптаға циклограмма дайындау, әдістемелік жұмыстарды |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек+» жеке бөбекжайы**

«Нұр» ортаңғы әртүрлі жас тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тақырып: «Менің достарым»
Жоспардың құрылу кезеңі: 14.09.2023 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Балалардыдостарыныңаттарын,олар туралы қысқаша айта білуге үйрету. Баланың өзін - өзі тануына, достарын бағалауға, құрметтеуге үйрету, досының айтқанын аяғына дейін тыңдауға, кез келген уақытта көмектесе білуге тәрбиелеу. Ойындарарқылыестесақтау, ойлауқабілетін, сөздікқорындамыту.<br>Шаттық шеңбері.<br>Балалар: Армысың шұғылалы нұрлы күн!<br>Армысың мейірімді жер – ана!<br>Сәлеметсіздер ме қонақтар.<br>Бәріміз күндей жарқырайық!<br>Бәріміз тату – тәтті болайық!<br>*Тілдік дамытушы орта:* құрдастардың есімімен толық, дұрыс атауға баулуда алдын-ала достық туралы әңгімелеу.<br>Мұғалім: Балалар бүгінгі сабақтың тақырыбы «Менің достарым» - деп аталады.<br>Дос, достық дегеніміз адамдар арасындығы жақсы қарым - қатынасты, бір - біріне деген сүйіспеншілік, жанашырлық сезімін айтамыз.<br>Достар бір - бірін ренжітпейді, керісінше нағыз достар бір - бірін құрметтейді, сыйлайды, кешірімді болады.<br>Достықсезім тек қанаадамдарарасындаемес, ел мен елдіңарасында да болады.<br>МысалыбіздіңҚазақстанРеспубликасыбасқамемлекеттермендостыққарым - қатынаста.<br>Балаларсендер де бір - бірлеріңдіренжітпей тату - тәттіойнасаңдар, бір - біріңесыйлыболыңдар, сендерде де достықсезімпайдаболады.<br>Ендеше, достарымыздың есімін толық айтып үйренейік.<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:*«Ә» дыбысына артикуляциялық жаттығу жасату<br>Ә – дыбысы. (Ә - дыбысы ашылады)<br>Әжем көрпе тігеді,<br>Бетіне өрнек салады.<br>*Сөздік қор:*сөздік қорын дамытуда жаттығулар жасату.<br>Достық туралы мақал - мәтелдер айтып көрейік.<br>Досы көпті жау алмайды,<br>Ақылы көпті дау алмайды.<br>Жақсы дос жанға – серік, |

| | |
|---|---|
| | Жаман дос – малға серік.<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:*жекелей етістіктерді қолдануға баулу<br>*Байланыстырып сөйлеу:*балалардың өздеріне айтылған сөзді түсінуге баулудашарларды жоғары ұстап, Күн шуағының айналасына тұрып, тілектерін айтады.<br>- Денің сау болсын!.<br>- Әрдайым күліп жүрейік!.<br>- Әрқашан күн сөнбесін!.<br>- Елімізде тыныштық болсын!.<br>- Досымыз көп болсын!.<br>Күтілетін нәтиже:Құрдастардың есімімен толықайтады.Бір-біріне жақсы тілектер айта біледі, сұраққа жауап беруді игерді. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | «Отбасы күніне» арналған мерекелік шараға дайындау. Отбасы құндылықтары туралы ақпараттандыру. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Өткен тақырып бойынша өлеңдер мен мақал-мәтелдерді қайталау.<br>Даана, Айлана, Медина |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | Артикуляциялық жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорларын байыту. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Мұғалімнің жеке жұмыстануы (алдыңғы аптаға циклограмма дайындау, әдістемелік жұмыстарды |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек+» жеке бөбекжайы**

«Нұр» ортаңғы әртүрлі жас тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тақырып: «Менің ойыншықтарым»
Жоспардың құрылу кезеңі: 21.09.2023 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Балалардыөзойыншықтарын атапайтабілугебаулу.Ерекшедыбыстармен таныстыру.<br>*Тілдік дамытушы орта:* ортақ тақырыпта әңгімелесуге үйрету<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:*көрнекілікпен өзіне айтылған сөзді тыңдап, түсінуге<br>-Балалар қарандаршы қандай әдемі, әсем ойыншықтар. Біз бүгін осы ойыншықтар туралы әңгімелейміз.<br>- Мына керемет ойыншықтар барлығы балалар үшін жасалған. Олар көптеген үлкендердің еңбегінің арқасында жасалады. Ойыншықтарды пластмассадан, резиннен, матадан, ағаштан, темірден жасайды. Ойыншықтар жұмсақ, қатты, былқылдақ болады.<br>Ойыншықтарды ұқыпты, таза ұстау керек. Оларды жұлып, бөлшектеп, сындыруға болмайды. Ойнап болғасын жинап қою керек, кірлесе жуу керек.<br>(Бейне көріністе ойыншықтарды тамашалайды)<br>*Сөздік қор:*сөздік қорын дамытуда күнделікті қолданатын ойыншықтарды атауларын дұрыс айтуда дидактикалық ойын ойнату.: «Артық затты тап», «Жартысын тап»<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:*Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу.<br>Айнамкөз, қуыршақты алып кел. Алан, қонжықты Арсенге бер.<br>*Байланыстырып сөйлеу:*ойыншықтарды қарастыра отырып, сұрақтарға жай сөйлеммен сипаттап беруге.<br>Ал енді балалар сүйікті ойыншығымызды қолымызға алып, тақпақ айтайық.<br>Балалардың тақпақтары:<br>Ойыншықтарым көп менің<br>Бәрін жақсы көремін<br>Кешке дейін жалықпай<br>Бірге ойнап жүремін<br>Күтілетін нәтиже: сөйлегенде бұйрық райлы етістіктерді жеке қолданады. Ойыншықтарды қарастыра отырып сұрақтарға жауап береді. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | «Қала күніне» арналған мерекелік шараға дайындау. Балаларға туған өлке, Отан туралы ақпарат беру. |

| | |
|---|---|
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | **Адал дос**<br>Екі дос көше бойымен жайбарақат әңгімелесіп келе жатты. Оның біреуі Аблан да, екіншісі Абыз. Абыздың денсаулығы нашар, көп жүгіре алмайтын.<br>Бір үйдің жанынан өте бергенде дәу қара төбет арсылдап, тура алдарынан шыға келді.<br>Абыз:<br>—Аблан, қаш, әне ит келіп қалды! — деп қатты қорқып, айғайлапжіберді. Аблан жерден бір шыбық алып, итке қарсы ұмтылды. Ашулы ит Абланның шалбарынан бірнеше рет жұлқылап та үлгерді. Үлкендер келіп, Абланды құтқарып алды.<br>Абыз Абланның жанына келіп:<br>176<br>— Мен қаш дегенде неге қашпадың? Қашып кеткенінде шалбарыңды ит жыртып тастамас еді, — деді.<br>—Мен қашатын болсам, сен тұтылатын едің. Өйткені сен қатты жүгіре алмайсың ғой. Сені иттен қорғайын деп, әдейі қалып қойдым, — деді Аблан.<br>—Дос деген осындай болар, — деді олардың сөзін естіген үлкендер сүйсініп.<br>*М. Төрежанов*<br>«Адал дос» әңгімесін оқып, мазмұнын айтуға баулу. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | **Санамақ**<br>**Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ.Қосып едім екеуін, Болып шықты он саусақ.Оң аяқта бес бақай, Сол аяқта бес бақай.Қосып едім екеуін Болып шықты он бақай**<br>Санамақ жаттату. Ұжымдық жұмыс. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Мұғалімнің жеке жұмыстануы (алдыңғы аптаға циклограмма дайындау, әдістемелік жұмыстарды |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек+» жеке бөбекжайы**

«Нұр» ортаңғы әртүрлі жас тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тақырып: «Ойыншықтар дүкені»
Жоспардың құрылу кезеңі: 28.09.2023 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Ойыншықтаратауларындұрысатап,жайсөйлеммен сипаттауға үйрету.<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Біз ұқыпты баламыз,<br>Айтқан тілді аламыз.<br>Ойыншықты жинаймыз,<br>Үлкендерді сыйлаймыз.<br>*Тілдік дамытушы орта:* ойыншықтар туралы сұрақтарға жауап беруге<br>— Сүйікті ойыншықтарың барма?<br>— Қандай ойыншықтарың бар?<br>— Ойыншықтарды қалай ұстау керек?<br>— Балалар қараңдаршы,біздің тобымызда ойыншықтар өте көп,олар қандай әдемі,әсем ойыншықтар.<br>— Балалар мынау қандай ойыншықтар?<br>— Доп<br>— Доптің пішіні түсі қандай?<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:*тақырыпқа байланысты тыныс алу жаттығуларын үйрету<br>Ойын түрі - мұрынмен. Мұрынға серуенге шығуға көмектесейік. Әр балаға сүлгі беріледі. Сүлгінің көмегімен мұрынды сүртеміз.<br>1) Мұрын серуенге шықты. Мұрнымыз терең тыныс алу үшін аузымызды жауып қоямыз. Мұрнымызбен тыныс алып, мұрынмен дем шығарамыз.<br>*Сөздік қор:*қоршаған ортағы күнделікті жиі қолданылатын балабақшадағы ойыншықтардың атын айтқызып ,түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>- Балалар ойыншықтар жасалуына қарай бірнеше түрге бөлінеді.<br>— матада.<br>— ағаштан.<br>— пластмассадан.<br>— резинадан жасалған ойыншықтар.<br>Балалар ойыншықтардың аттарын атайды,олардың неден жасалғанын айтады.<br>Доп, қуыршақ, машина т.б.<br>— Кім доп туралы тақпақ біледі?<br>Бегімай: Добым, добым,домалақ,<br>Қайда кеттің домалап? |

| | |
|---|---|
| | Қызыл, жасыл,сары,көк.<br>Сеніммен ойнайтын бала көп.<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:* байланыстырып сөйлеуге үйрету<br>- қыз балалар көбіне қандай ойыншықпен ойнайды?<br>— қуыршақпен.<br>— мыны қуыршақтың аты әйгерім. Өзі сондай сүйкімді екен,әрі әдемі көйлегі бар екен.<br>— қуыршақтың көйлегінің түсі қандай?<br>— қызыл.<br>Ал, ұл балалар көбінесе қандай ойыншықпен ойнайды?<br>— машинамен .<br>— мына машинаның түсі қандай?<br>*Байланыстырып сөйлеу:* сурет бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге,кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу<br>**Мазмұнды –рөльді ойын:** «Ойыншықтар дүкені»<br>**Мақсаты:** балаларды мамандыққа баулу,яғни дүкенші болуға ынталандыру және сыпайы сөйлеуге үйрету.<br>**Ойын шарты:** балалар ішінен бір сатушы,ал қалған балалар сатып алушы болады.<br>Күтілетін нәтиже: Дұрыс сөйлеу қарқынына ие. Бір-бірімен ,ересектермен сөйлеседі. Сөз тіркестерінің мәнін түсінеді. Сөздер мен қарапайымсөзтіркестерінқайталапайтады. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | Өзініңмекен-жайын(қала,ауыл)айтқызып үйрету. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Артикуляциялықгимнастика:<br>«Ә»дыбысына:<br>Әсеткелдіәне Мұхаммед , Ибрахим<br>Көрсетөнер кәне. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | **Әңгіме құрау:**<br>«Менің ойыншығым»<br>Балалар:-бірде менің әкем туылған күніме қуыршақ әкеліп берді.мен сол күні қатты қуандым.өйткені,қуыршақ сондай сүйкімді, әдемі еді.<br>— балалар, ойыншықтарды қалай ұстау керек?<br>— ойыншықтарды сындыруға, жыртуға болмайды.ұқыпты ұстау керек.<br>— иә,дұрыс айтасыңдар,топта жүргенде таласпай бірге ойнауымыз керек. Себебі,топтың ойыншығы бәрімізге ортақ. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Мұғалімнің жеке жұмыстануы (алдыңғы аптаға циклограмма дайындау, әдістемелік жұмыстарды |

Қазақ тілі мұғалімі:В.С.Торемұратова

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек+» жеке бөбекжайы**

«Нұр» ортаңғы әртүрлі жас тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тақырып: «Менің отбасым»
Жоспардың құрылу кезеңі: 05.10.2023 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Амандасу<br>1.Шаттық шеңбері. Біздің топта ұл-қыздар<br>Тату-тәтті ойнаймыз.<br>2. «*Сиқырлы қалам»* : «Суреттер сөйлейді» отбасы туралы мәлімет.<br>3.Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға үйрету мақсатында дыбыстық жаттығу: та-та-та А-та.<br>на-на-на –А-на<br>4. Сергіту сәті : «Ата мен Әже»<br>5. Сөздік қор: күнделікті жиі қолданылатын туыстық катынастарды білліретін сөздерді дұрыс айтқызу мақсатында тыңда,қайтала,сұраққа жауап бер тапсырмасы «Бұл кім?»<br>6.Тілдің грамматикалық құрылымы: жай сөйлемдер құрастыруға үйрету мақсатындағы «Отбасы мүшелерін атап бер» дидактикалық ойыны<br>7. Байланыстырып сөйлеу: сөйлеу әдебінің сәйкес түрлерін дұрыс қолдану мақсатында «Кім қандай адам?» сұрағына жауап беру.<br>*Ата- құрметті, Әже-мейірімді, әке-қадірлі, ана-аяулы.*<br>8. Рефлекциялық бөлім: Туыстық қатынасқа байланысты сөздерді атайды. Шағын қарапайым мәтінді түсінеді. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | «Республика күніне» арналған мерекелік шараға дайындау. Балаларға туған өлке, Отан туралы ақпарат беру. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Атнашев, Глеб |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | Жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорларын байыту. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Мұғалімнің жеке жұмыстануы (алдыңғы аптаға циклограмма дайындау, әдістемелік жұмыстарды |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек+» жеке бөбекжайы**

«Нұр» ортаңғы әртүрлі жас тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тақырып: «Менің көшем»
Жоспардың құрылу кезеңі:12.10.2023 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Балаларды өздері тұратын көше атауын айта білуге үйрету.Қазақша сыпайы сөздердіүйрету,олардыөмірдеколдана білугебаулу.<br>*Тілдік дамытушы орта:* дербес әрекеттерде өздері тұратын көшелері туралы ауызекі сөйлесуге үйрету. Жұмбақ жасыру<br>Бұл әдемі екіқабатты үй. Мұнда балаларды ата-аналары әкеледі.Бұл не?<br>-әрине,бұл балабақша.<br>-Біздің балабақша, Жәнгірхан 7 көшесінде орналасқан.<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті;* көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдап түсіну дағдысын дамыту «Бұл не?» дидактикалықк ойыны. Қиынды суреттерді біріктіріп, көше, бағдаршам,жаяу жүргіншілер суреттерін құрастырады.<br>*Сөздік қор: :* қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданатын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландырып, Сиқырлы қарындаштың тапсырмасын орындайды; «Автобустың суретін бояп,онымен қаланың қай жеріне баратының әңгімелеп береді.<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:* сөз тіркестерін құрастыруға үйрету. Мынау менің-көшем. Мен қалада тұрамын.<br>*Байланыстырып сөйлеу:* «Менің көшем» тақырыбы туралы әңгімелей білуге баулу<br>Күтілетін нәтиже: тақырыптық сөздерді ,олардың мағынасын түсінеді.<br>«Менің көшем» тақырыбы туралы мұқият тыңдап,түсініп,сұрақтарға жауап береді.Сөз тіркестерін құрастырады. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | Сөз тіркестерінің мағынасын ,дұрыс айтылуын үйрету. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | *Үй,қала,көше* сөздерінің дыбысталу мәдениетін қалыптастырып, сөздік қорын молайту. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | Сөйлем құрап айтқанда, сұрақтарға жауап бергенде грамматикалық тұлғаларды сөйлей білуге үйрету. Менің қалам.Біздің қала, қалада көше бар. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Ата-аналарға кеңес: «Қазақ тілін үйретуде жүргізілетін жұмыстың негізгі бағыттары мен қағидалары. |
| | Қазақ тілі мұғалімі : |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек+» жеке бөбекжайы**

«Нұр» ортаңғы әртүрлі жас тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тақырып: «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»
Жоспардың құрылу кезеңі: 19.10.2023 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Балаларды қарапайым қауіпсіздік ережелерініңқазақшаатауларымен таныстыру,жаңасөздерді жаттату.<br>Сөздікқорларынмолайту.<br>*Тілдік дамытушы орта:* Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік туралы кітаптармен таныстыру.<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:*«Ә» дыбысын өздігінен айтуға баулу<br>*Сөздік қор:*сөздік қорын дамыту бойынша өлең жаттауға баулу«Кел,сөйлесейік!»Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік туралы әңгімелесу.<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:* сөздерді байланыстырып сөйлеуге үйрету.<br>Сұрақ жауап әдісі:<br>1.Бағдаршамның неше түсі бар?Үш<br>2.Қай түсжанғандамашиналаржүреді?жасыл<br>3.Көлік күтетінжердіқалайатайды?аялдама<br>4.Көшеде қалайжүрукерек?абайлапоңғасолғақарап.<br>5.Көшеде тағы не істеугеболмайды?көшедетанымайтынадамменсөйлесугеболмайды,қолынанзаттардыалуғаболмайды,пакетжәшікжатсабарыпашуғанемесеалуғаболмайдыүшіндежарылғышзаттарболуымүмкін.<br>Мұғалім:Жақсы балалар көшеде жүргенде абай болып бағдаршамға қарап жүру керек<br>*Байланыстырып сөйлеу:* балаларға пікірді түсінуге қалыптастыру<br>Мұғалім:Енді балалар мында қарандаршы мында бір сиқырлы қорапша тұр ,оның үшінде не бар екенің жұмбақтарды шешсек қана көреміз.<br>Жұмбақтар:Қызып кетсе табаны<br>Бар жалғыз ақ алаңы<br>Бар жалғыз ақ шатағы<br>Іздей бастар матаны (Үтік)<br>Жылмаң жылмаң етеді<br>Жылмандап сайдан өтеді<br>Із міз тастап кетеді (Ине)<br>Мұғалім:Жақсы балалар жәшіктің ішінде не бар екенің көрдік,енді осы заттармен бір ойын ойнаймыз.Бұл заттардың барлығын үйде қолданамыз.<br>Дидактикалық.ойын: «Жақсы, жаман».<br>Балалар:<br>Үтік - жақсыөйткеніонымenкиімдердіөтектейді,алжаманқолымыздыкидіріпалсақ. |

| | |
|---|---|
| | Қайшы-<br>жақсыоныменәртүрлізаттардықияды,жамандұрысқолданбасанқолындыкөзіндіжарақаттапаласың.<br>Сіріңке -жақсыонымен от жағамыз,алжаманөртшығуымүмкін .<br>Пышақ-жақсыоныменәртүрлізаттардытураймыз,алжаманабайболмасаққолымыздыкесіпаламыз.<br>Шеге-жақсыекізаттыбіріктіреді ,шегежаманабайболмасаңдененіжарақаттайды.<br>Ине-жақсыоныменкиімтігеді ,жаманқолымызғакіріпкетсе.<br>Тәрбиеші:Соныменбалалар осы заттарменүйдеабай болу керек,үлкендердіңрұқсатынсызтиіспейміз.<br>Дымбілмес:тағықандайүйдегіережелерді мен білуімкерек?<br>Тәрбиеші:ЖақсыбалаларендібізДымбілмескеүйдеқандайережелердіұстаукеректігінайтыпберейік,келіндершеңбергетұрыпкім не біледіайтады.<br>Күтілетін нәтиже:Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік» тақырыбын меңгереді.Нұсқауларды дұрыс орындайды. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | Мемлекеттік тілде мәдени-әлеуметтік өзара қатынасқа дайын тұлғаны тәрбиелеу. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Тақырыптық сөздер мен таныс сөздерді әдеби тілдегі норманы сақтай отырып айтуға жаттықтыру. «Ә» дыбысының дұрыс айтылуын қалыптастыру. Әйгерим, Ахмад |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | Баланың тілге деген қабілетін дамытуда заттық суреттермен жұмыс. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Педагогтарға кеңес: «Қазақ тілін үйретудегі инновациялық технолониялар» |
| | Қазақ тілі мұғалімі : |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айголек+» жеке бөбекжайы**

«Нұр» ортаңғы әртүрлі жас тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тақырып: «Алтын күз»
Жоспардың құрылу кезеңі: 26 10.2023 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Амандасу. Күзгімезгілітуралықазақшақысқаша айта білуге үйрету.Күз айлары атауларын жаттату.<br>1.Сәлеметсіздер ме,балалар!Біз бүгін қазақ тілін үйренуді жалғастырамыз.Бірақ алдымен Білгішбекке отбасы туралы әңгімелеп берейік.<br>2. «*Дидактикалық ойын*: «Жауап бер» күз мезгілі туралы өзінің алған әсерін айта білуге үйрету.<br>-Сенің атың кім?<br>-Тегің кім?<br>-Анаң бар ма?<br>-Оның аты кім?<br>3. *Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:*«Ә» дыбысын өздігінен айтуға баулу.<br>Жаңылтпаш айтуға үйрету: ән-ән-ән-Сәуле айтты ән.<br>4. Сергіту сәті : «Күз»<br>Күншауаққа маужырап,<br>Жатыр еді атырап.<br>Ағаштардан жамырап,<br>Ұшты кенет жапырақ.<br>5. *Сөздік қор:* табиғат нысандарының атауларын өздігінен айтуға қалыптастыру. Жұмбақ жасыру.<br>Көк майсалы , көрікті<br>Алқаптағы көк егін.<br>Бұл күндері киіпті<br>Сары жібек көйлегін.<br>Бұл қай жыл мезгілі?<br>6. *Тілдің грамматикалық құрылымы:* сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және етістік) үйрету.<br>Күз келді. Жаңбыр жауды.<br>7. *Байланыстырып сөйлеу:* суретке қарап күз мезгілін туралы әңгімелей білуге баулу<br>«Кел,сөйлесейік!»<br>-Суретте қай жыл мезгілі? - Суретте күз мезгілі.<br>-Жапырақтың түсі қандай? – жапырақтың түсі сары,күрең, қызыл.<br>-Күзде не жауады? -Жаңбыр жауады. |

| | |
|---|---|
| | *Дыбыстық жаттығу: ды-ды-ды –жаңбыр жауды.*<br>*ды-ды-ды-жапырақтар сарғайды.*<br>8. Күтілетін нәтиже: Тақырыптық сөздерді,олардың мағынасын,сөз тіркестерді біледі;<br>«Ә» дыбысын дұрыс айтады;<br>Күз туралы түсініктерді игереді. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | Тәрбиеленушілердің коммуникативті мәдениетін қалыптастыру үшін әртүрлі сөз ұйқастарды, тақпақтарды мәнерлеп оқуға дағдыландыру. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Сөйлем құрап айтқанда грамматикалық тұлғаларды дұрыс сақтап сөйлей білуге үйрету.<br>Ибрахим, Сабрина |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | Сөздерді дұрыс байланыстыруға, байланысқан тіркестердің мәнін түсінуге қалыптастыру. Күз келді.Күзде жаңбыр жауады. Күзде жапырақ сарғаяды.Күн суытады. Жерде сарғылт жапырақтар жатыр. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Тәрбиешілерге күнделікті үйренген сөздерін топта қайталатуға кеңес беру. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек+» жеке бөбекжайы**

«Нұр» ортаңғы әртүрлі жас тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тақырып: «Дұрыс тамақтану, дәрумендер»
Жоспардың құрылу кезеңі: 02.11.2023 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Дұрыс тамақтану,дәрумендер туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>*Тілдік дамытушы орта:* Дұрыс тамақтану,дәрумендер туралы ортақ тақырыпта әңгімелесу.<br>*Дидактикалық ойын: «Сипатынан таны»*<br>*-Ол домалақ, түсі қызыл,бауда өседі.Бұл не?*<br>*-Әрине ,бұл алма.*<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:* сөз ішінде кездесетін төл дыбыстарды өздігінен дұрыс айтуға дағдыландыру. Ма-ма-ма-қызыл алма, рік-рік-рік-сары домалақ өрік. Дәруменге толы жемістер екенін түсінеді.<br>*Сөздік қор:* тақырыпқа байланысты дәрумендердің атауларын дұрыс атауға қалыптастыруда «Дәмінен таны» ойын жаттығуын ойнату. Ойын ережесі: бала көзін жұмып,бір жемісті атайды.Бұл не? Дәмі қандай? Сұрақтарына жауап береді.(Бұл алам.Алма тәтті.)<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:* жуан және жіңішке түбір сөздерді ажыратуға үйрету.<br>Алма- түбірі алма, жуан дауысты дыбыс - ал-ма, Өрік- түбірі өрік, жіңішке дауысты дыбыс-ө-рік.<br>*Байланыстырып сөйлеу:*балалардың өздеріне айтылған сөзді есте сақтап,дәрумендердің пайдасы туралы әңгімелесе білу дағдысын арттыру бойынша сиқырлы қарындаштың тапсырмасы орындайды. «Дәруменге толы тәтті жемістің суретін сал»<br>Күтілетін нәтиже:Дұрыс тамақтану,дәрумендер туралы түсініктерді игереді.<br>Дәрумендердің пайдасын біледі. жуан және жіңішке түбір сөздерді ажыратуға үйрету.<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажыратады. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | Тілді түсіну,есте сақтау, сөздік логикалық-ойлау қабілеттері мен ұсақ қол моторикасын дамыту. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Ойынға қызықтыру арқылы қазақша сөйлеуге ынталандыру. Мерина, Ақсана |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | Сөйлем құрастыруға ,жалпылау сөздерді пайдалануға үйрету. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Әдістемелік кабиенеттен әдістемелік құралдар мен әдебиеттерге шолу жасау. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек+» жеке бөбекжайы**

«Нұр» ортаңғы әртүрлі жас тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тақырып: «Өзіңе және өзгелерге көмектес»
Жоспардың құрылу кезеңі: 09.11.2023 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Балаларды «қамқорлыққа», «өзіңе және өзгелерге көмектес» деген қамқорлық ұғымдарын қалыптастыру.<br>*Тілдік дамытушы орта:* бірлескен әрекеттері туралы келісуге , ортақ тақырыпта әңгімелесуге тәрбиелеу.<br>Балалар өзіне және басқаға көмектес дегеніміз, өзінің құрдастарының түріне, көзіне,қолына, денесіне қарап оның жағдайын анықтап алу. Наукастанып отырғанын кезде дереу ересектерге хабарлау,наукас адамға мүмкіндігінше көмектесу. Азық-аулақ жарақаттанғанда алғашқы көмек көрсету ережелерін білу.<br>Ұзын құлақты,жылдам аяқты,<br>Сәбізді жақсы көретін,ол не?(Қоян)<br>**Сергіту сәті:**<br>Мынау-мынау жүрегім,<br>Бәрі осыдан басталған<br>Мынау –басым ақылды<br>Бәрін осы басқарған<br>Мынау-менің оң қолым,<br>Мынау-менің сол қолым<br>Барлық істі атқарған<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:* сөйлеген кезде тыныс алуды,естуді дамыту.<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Біз балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын кең ашқан.<br>Тілегіміз әділдік,<br>Ашық болсын көк аспан!<br>**Ғажайып сәт:** «Қоянды кездестіреді»<br>Балаларсуретте не көріптұрсыңдар?<br>-Иә, бұлқоян.<br>Қоянғатоқталыптолықмағлұмат беру.<br>-Қоянқайдатіршілікетеді?<br>-Оныңқұлағықандай?<br>-Олқалайсекіреді?<br>*Сөздік қор:* қоршаған орта туралы өздігінен әңгіме құрастыруда дидактикалық ойын ойнату: |

| | |
|---|---|
| | «Қоянға үйін табуға көмектес».<br>Мақсаты:Балалардың зейінің,ақыл ойын дамыту.Ойын шарты:Балаларға сурет беріледі сол бойынша балалар қоянға үйін табуға көмектеседі.<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:* бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға (бар, кел,айт)баулу. Қоянды алып кел, қоянға сәбізді бер. Рахмет айт.<br>*Байланыстырып сөйлеу:* шағын шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беругеүйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:**бір-біріне жақсы тілектер айта біледі, сұрақа жауап беруді игерді. Кішкентайларға көмек көрсетуді үйренді. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | «Тәуелсіздік күні» туралы ақпарат беру, балаларды Отанды сүюге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыруға тәрбиелеу. Боздақтарға тәу ету. Бүлдіршіндердің тілдік, сөздік қорын байыту. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Мақал-мәтел, тақпақтар арқылы ой-өрісін кеңейту, сөздік қорларын молайтып, тілдерінің дамуына ықпал ету. Ахмар, Ассеби |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | «Менің Қазақстаным» өлең-тақпақтар жаттату |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Әдістемелік кабиенеттен әдістемелік құралдар мен әдебиеттерге шолу жасау. |
| | Қазақ тілі мұғалімі |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек+» жеке бөбекжайы**

«Нұр» ортаңғы әртүрлі жас тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Балалардың жасы: 3 жас
Тақырып: «Біз күштіміз,ептіміз»
Жоспардың құрылу кезеңі: 16 11.2023 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Балалардың денсаулығын, ой өрісін, икемділігін, шапшаңдылығын, ұлттық ойынға қызығушылығын дамыту.Салауаттыөмірсалтытуралытүсінік беру.<br>*Тілдік дамытушы орта:*өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу.<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:* қазақ тіліне «Ө» дыбысын дұрыс айтуға үйрету. Ө-дауысты дыбыс, ө-ө-ө-өт,<br>*Сөздік қор:* түрлі балалар әрекеттерінде ауызекі сөйлеуін қалыптастыру.<br>Балалар, бүгін, сендерменеңмаңыздымәселетуралыайтамыз.Олденсаулық. – қалай ойлайсыздар?Денсаулықденіміз не? - Иә, балалар, сендерденсаулықсөзінтүсінесіңдер, бірақденісауболуүшін не істеукеректігінбілебермейсіңдер. Сондықтанбіздебүгінконақта. Шымыр мен Ынжық - депсуреттерінкөрсетеді. Меніңкөмекшілерімденсаулықтуралытүсіндіругетырысады<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:* сөздерді байланыстырып сөйлеуге үйрету.<br>- Балалар қарандаршы қалай ойлайсыңдар? Олардың қайсысы Шымыр, ал Ынжық ше? Неге олай деп ойлайсыңдар? (балалармен талқылау)<br>- Дұрыс балалар, көп ауырмайтын, спортпен шұғылданатын мықты балаларды Шымыр деп атайды. Балалар педагогтың әңгімесін тыңдайды .Қарандаршы біздің Шымыр билегенді, музыкалық аспапта ойнағанды, спортпен шұғылданғанды жақсы көреді, дұрыс тамақтанады таза ауада серуендеп демалады. Ал Ынжық туралы не ойлайсыңдар? Дұрыс ол ұйықтағанды жақсы көреді, жиі ауырады, уақытын босқа өткізіп, жата береді. Ендеше балалар, біз Ынжыққа көмектесейік.<br>*Байланыстырып сөйлеу:* ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгертуде Шымырдың сүйікті ертегісін тап. Балаларға ертегі кейіпкерлерінің суреттері таратылады, олар қай ертегіден келгенін анықтау керек. Сонымен балалар, бұл «Шалқан» және «Бауырсақ» ертегісінің кейіпкерлері екен. Қалай ойлайсыңдар Шымырдың сүйікті ертегісі қайсысы? Менің ойымша «Шалқан» ертегісі. Себебі: Шымыр дұрыс тамақтанғанды ұнатады, көмектескенді жақсы көреді. Бірігіп жұмыс істеп бәрін жеңеді. Ал Ынжық бауырсақ сияқты барлығынан қашып, тығылып тек жата береді. Дұрыс тамақтанбайды. Оның сүйікті ертегісі «Бауырсақ».<br>Күтілетін нәтиже:Салауатты өмір салты туралы түсінеді. «Ө» дыбысына дыбыстық талдау жасайды. Нұсқауларды дұрыс орындайды. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | «Ұлттық тәрбие-ұлт болашағы» облыстық семинарға дайындалу. |

| | |
|---|---|
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Ойынға қызықтыру арқылы қазақша сөйлеуге ынталандыру. Сабрина, Глеб |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Әдістемелік кабинеттен әдістемелік құралдар мен әдебиеттерге шолу жасау. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек+» жеке бөбекжайы**

«Нұр» ортаңғы әртүрлі жас тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тақырып: «Жиһаздар»
Жоспардың құрылу кезеңі: 23.11.2023 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Амандасу.Өткен тақырыпты қайталап, күз айлары атауларын жаттату.<br>Бөлменің ішіндегі жиһаздар туралы айта білуге үйрету.Баланың зейінің, тілін дамыту.<br>*Тілдік дамытушы орта:* Өз бетінше кітаптарды карауға, сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға баулуда QR код пайдалану.<br>Тілдік жаттығу:<br>-ел-ел-ел-мынау-үстел.<br>-дық-дық-дық-мынау –орындық.<br>-ет-ет-ет-мынау-керует.<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:*көрнекілікпен өзіне айтылған сөзді тыңдап және түсінуін меңгерту.<br>Жаттығу: Ботақанның сұрағына жауап берейік.<br>-Мынау не?<br>-Мынау үстел.<br>-Мынау не?<br>-Мынау орындық.<br>-Мынау не?<br>-Мынау керует. Балалар хормен сосын жеке айтады.<br>*Сөздік қор:*баланың сөздік қорын дамытуда жаңылтпаштар жаттатуға дағдыландыру.<br>«Даланы қар жабар,<br>Қарға балалар аққала қалар»<br>Сергіту сәті: «Қуыршақ»<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:*сөз тіркестерін құрастыруда зат есім және сын есімді байланыстыруға үйрету.<br>Д/о: «Не жоқ?» Бұл не? Бұл кім? Қандай? Деген сұрақтарға жауап береді.<br>*Байланыстырып сөйлеу:*сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.<br>«Сиқырлы қарындаштың тапсырмасын орындау» Орындықты бояуға көмектесіп,кейіннен әңгімелеу.<br>Балаларды мадақтау.<br>Күтілетін нәтиже: Өз бетінше кітаптарды қарайды. сөз тіркестерін құрастыруда зат есім және сын есімді байланыстыруға үйренді. |

| | |
|---|---|
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | Мемлекеттік тілде мәдени-әлеуметтік өзара қатынасқа дайын тұлғаны тәрбиелеу |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Қазақ тілінде дұрыс,анық сөйлеуге жаттықтыру. Амина, Рамазан |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | Сөздерді дұрыс байланыстыруға, байланысқан тіркестердің мәнін түсінуге қалыптастыру. Айна менің досым. Бірге ойнаймыз. Біз доспыз. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Тәрбиешілерге күнделікті үйренген сөздерін топта қайталатуға кеңес беру. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек+» жеке бөбекжайы**

«Нұр» ортаңғы әртүрлі жас тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тақырып: «Менің қалам»
Жоспардың құрылу кезеңі: 30.11.2023 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Өзінің тұратын қаласы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>*Тілдік дамытушы орта:* дербес әрекетте ауызекі сөйлеуге баулуда Орал қаласының презентациясын көрсету.Туған қала туралы әңгімелесу.<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:* дауысты ,дауыссыз дыбыстар туралы түсініктерін жетілдіру, а-ә,о-ө оларды ажырату дағдыларын қалыптастыруда А-дауысты дыбыс, жуан дауысты. Ә-дауысты дыбыс, жіңішке дауысты дыбыс екенін түсіндіріп, дыбыстарды айтуға арналған жаттығу жасату.<br>*Сөздік қор:* баланың сөздік қорын дамытуда тақпақтар жаттауға баулу.С.Сейфуллин «Туған өлкем»<br>**Туған өлкем**<br>Кеңсің дала,<br>Туған ана.<br>Көйлегің кең, көк ала,<br>Жан беретін<br>Тән беретін<br>Мейірімді ана сен ғана.<br>*С.Сейфуллин*<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:* «Сөйлесейік, жауап берейік» сурет арқылы сөз тіркестерін құрастыруға үйрету.<br>-Бұл біздің.....қала<br>-Біздің қала .....Орал деп аталады.<br>-Біздің қала...әдемі<br>*Байланыстырып сөйлеу:* сурет арқылы жай сөйлеммен сипаттап беру арқылы напсырма орындайды.<br>Күтілетін нәтиже: дауысты ,дауыссыз дыбыстар туралы түсініктері қалыптасты. Сөз тіркестерін құрастыруға үйренді. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | «Қош келдің, жаңа жыл!» ертеңгілікке балаларды дайындап, жаңа жыл туралы өлеңдер мен тақпақтар жаттату. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Анық сөйлеуге жаттықтыру, оқу іс-әрекет дағдыларын тәрбиелеу. Зейнхан, Сабрина |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | «Мейірімділік туралы ойлайық» дидактикалық ойынын қолдану арқылы сөздік қорларын молайту. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Әдістемелік кабинеттен әдістемелік құралдар мен әдебиеттерге шолу жасау. |
| | Қазақ тілі мұғалімі: |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек+» жеке бөбекжайы**

«Нұр» ортаңғы әртүрлі жас тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тақырып: «Қыс мезгілі»
Жоспардың құрылу кезеңі: 07.12.2023 ж.

| | |
|---|---|
| Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы | Қыс мезгілі туралы сөздерді дұрыс айтуға үйрету.<br>*Тілдік дамытушы орта:* Сәлемдесу.Өткен оқу іс-әрекетін еске түсіру.<br>Қыс мезгілі туралы әңгімелесуде сөздер мен таныс сөздерді әдеби тілдегі нормаларды сақтай отырып айтуға жаттықтыруда қыс туралы жұмбақ жасыру:<br>-Мұз катады, боран соғады, бұл қай кезде болады?<br>*Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:*«Ү» дыбысының дұрыс айтылуын қалыптастыру. Данышпан Үкі қыс туралы әңгімелеп, дыбыстық жаттығу жасатады.<br>Жүгір кәне күнім,<br>Тосып отыр інің.<br>*Сөздік қор:* қыс,қар,аққала,шана атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру,ауызекі сөйлеулерін жетілдіру.<br>Сөздік жұмыс: «Қар қандай» суретке қарап жауап береді.<br>*Тілдің грамматикалық құрылымы:* сөйлем құрап айтқанда грамматикалық тұлғаларды дұрыс сақтап сөйлей білуге үйрету,<br>«Аққаланы құрастыр» дидактикалық ойыны. Мәтінге сәйкес қимылдар жасайды.<br>«Біз не білдік?»<br>Қыс-өте көңілді.<br>Қардың әртүрлі қасиеті бар.<br>Қағаздан да шырша жасауға болады.<br>*Байланыстырып сөйлеу:*шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге баулу. Сөздік ойын: «Сөз сандық» қыс туралы сөздерді атайды, фишкаларды сандыққа салады. Күтілетін нәтиже: Қыс мезгілі туралы әңгімелесуде сөздер мен таныс сөздерді әдеби тілдегі нормаларды сақтай отырып айтуға жаттығады. Ү» дыбысының дұрыс айтылуын қалыптасады.Шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап береді. |
| Мемлекеттік тілді жүзеге асыру бойынша ұйымдастырылатын мерекелерге дайындық | «Тәуелсіздік ел бақыты» танымдық шараға балаларды дайындап, тәуелсіздік туралы ақпараттар беру. |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген жеке қабілетін дамыту | Анық сөйлеуге жаттықтыру, оқу іс-әрекет дағдыларын тәрбиелеу. Н.Айтовтың«Аяз ата» өлеңі<br>Айым, Даяна |
| Бала тұлғасының тіл мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету және баланың тілге деген қабілетін дамытуда дарынды балалармен жұмыс | «Ойлан,тап» қандай дыбыс дидактикалық ойының қолдану арқылы сөздік қорларын молайту. |
| Мемлекеттік тіл бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы және мұғалімнің әдістемелік жұмыстануы | Әдістемелік кабиенеттен әдістемелік құралдар мен әдебиеттерге шолу жасау. |

**Қазақ тілі пәні бойынша балаларды тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**ЖШС «Иштаев Е.А. «Айгөлек+» жеке бөбекжайы**

«Нұр» ортаңғы әртүрлі жас тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Тақырып: «Отаным»
Жоспардың құрылу кезеңі: 14.12.2023 ж.

<table>
<tr><td>Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің қысқаша барысы</td><td>Отан, туған өлке туралы білімдерін дамыту<br><u>Тілдік дамытушы орта</u>: өз бетінше кітаптарды қарауға,сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға баулу.<br>Өткен тақырыпты еске түсіру.<br>Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны орындалады.<br>-Балалар ,сендер қандай ән орындадыңдар?<br>-Қазақстан Республикасының әнұранын орындадық.<br>Дұрыс айтасыңдар,балалар .Әрбір республиканың өз ерекшелігін білдіретін әнұраны,туы,елтаңбасы болады. Біз оны рәміздер деп атаймыз. Осы рәміздер туралы жеке-жеке түсінік беріп өтейін.<br>-Мынау - біздің туымыз. Тудың түсі аспанның түсіне ұқсайды.Көк аспандай көгілдір,ортасында күн,астында бүркіт ұшып келе жатыр.<br>- мынау - елтаңбамыз. Елтаңбада шаңырақ,күн сәулесі, бес бұрышты жұлдыз, «Қазакстан » деген жазу бар.<br>- Балалар, біздің Отанымыздың астанасы қай қала ?<br>- Астана қаласы<br>- Ел бөбегі бүлдіршін жас баламыз,<br>Астанамыз Астана –бас қаламыз.<br>- балалар, үлкен мерекелерде туымыз көтеріліп,әнұранымыз орындалады.Рәміздерімізді үлкен де,кіші құрметтеп жоғары ұстауы тиіс.Ал әнұранды біз білеміз.Сендер елтаңба мен туды әрқашан қастерлеуге тиіссіңдер.<br>Ендеше, туған Отанымыз туралы мақал үйренейік: «Отан-оттан да ыстық»<br><u>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</u>Ү дыбысы мен әріп таңбасымен толық танысады,<br>-«Үү» дыбысы қандай дыбыс?<br>- Қандай текшемен белгілейміз?<br>Источник: https://www.tarbie.kz/<br>Ү әрпі туралы тақпақты айтқызу.<br>ресурс: https://www.tarbie.kz/29073<br>Кім үлкенді тыңдаса,<br>Кім үлкенді сыйласа,<br>Үлкен болған кезінде<br>Сыйлы болмақ өзі де.<br>Ү дыбысы кездесетін сөздерді айтады.<br>Үй-рек, кү-шік, үй-шік,<br><u>Сөздік қор:</u> өлеңді жаттап мәнерлі айтуды, тыңдап түсіне білуге үйрету.<br><u>Тілдің грамматикалық құрылымы:</u> жуан және жіңішке сөздерді ажыратып, көпше түрде қолдануға</td></tr>
</table>